

## Күзгі демалыс уақытында өткізілген іс-шаралар бойынша

### АҚПАРАТ


Күзгі демалыс-мектеп өмірінің қанық, жарқын және ұмтылыс кезеңі. Бұл - балалар үшін оқу ісінен демалуға, жаңа оқу тоқсанына қуаныш, жақсы көңіл күй мен сергектік қуатын алуға мүмкіндік.

Күзгі демалыста оқушылардың бос уақытын қамту мақсатында, іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Бекітілген жоспармен сынып жетекшілер, ата-аналар мен оқушылар таныстырылды. Барлық іс-шаралар қашықтықтан өтті.

05.11-06.11.2020ж.күні Бөкейхан Лаура 5-6 сынып оқушыларының арасында «Менің сүйікті үй жануарым» фотобайқауын ұйымдастырды. Байқаудың қорытындысы бойынша 1-ші орынды Дьяченко Марина, 2-ші орынды Казбекова Анель мен Мукушева Алинур, 3-ші орынды Рақымжан Алмас, Ағайдаров Дархан, Кагиров Ердаут иеленіп, мақтау қағаздарымен марапатталды. Қатысқан сыныптар: 5 «А» (Биржанова М.У.), 5 «Б» (Бокейхан Л.), 5 «В» (Ертаева А.Е.), 5 «Г» (Малдыбекова Г.М.), 6 «А» (Сарсенбаева А.М.), 6 «Б» (Карамандинова А.К.), 6 «В» (Қуанышева А.Ж.), 6 «Г» (Тогубаева А.К.), 6 «Д» (Балғожа З.Р.)



05.11.2020ж. мектеп педагог-психологі Жунусова А.Ж. 5-11 сынып оқушыларына арнап, «Психология туралы қызықты деректер» тақырыбына презентация жасап, мектептің инстаграм парақшасына жариялады.



06.11.2020ж. бастауыш сынып мұғалімдері 1-4 сынып оқушыларына «Отқауіпті ойын» тақырыбына ZOOM желісі арқылы бейнеролигін көрсетіп, өрт кезіндегі қауіпсіздік және отпен ойнауға болмайтынын түсіндіріп, әңгіме өткізді.


Қатысқан сыныптар: 4 «В» (Алиаскарова Ж.А.), 2 «Е» (Ибраева А.Н.), 4 «Г» (Сафурина Г.А.)



07.11.2020ж.күні 9-11 сынып жетекшілері оқушылармен кәсіптік бағдар беру бағыты бойынша, ZOOM желісі арқылы «Қазақстанның жоғары оқу орындарына виртуалды саяхат» жасады. Оқушылар видео арқылы Қазақстандағы оқу орындарымен танысты. Қатысқан сыныптар: 9 «А» (Камалиева З.Т.), 11 «Б» (Бухарбаева И.А.), 9 «В» (Оспанова Г.К.), 11 «А» (Нукиева А.Е), 9 «Б» (Кожаметова Г.К.), 9 «Д» (Таттыгожина А.К.)




09.11.2020ж.күні 1-7 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Баланың оқуға деген сүйіспеншілігін қалай қалыптастыру керек» тақырыбына презентация жасалып, жадынама ретінде ата-аналардың ватсап чаттарына жіберілді.



09.11-10.11.2020ж.7-8 сынып оқушыларының арасында «Я - хозяйюшка» рецепт сипаттамасы бар фотобайқау өтті. Бұл байқауда оқушылар өздері тамақ әзірлеп, фото-видеоға түсіріп, мектептің инстаграмына жіберілді. Оқушылар бұл іс-шараға қызығушылықпен қатысты. Қатысқан сыныптар: 7 «В» (Иманбаева С.Ш.), 7 «Б» (Бейсенова А.И.), 7 «Е» (Омарова Г.Ж.), 8 «Ж» (Исмагзамова М.М.), 2 «В» (Жахина З.М.), 7 «Г» (Сагындыкова К.М.), 8 «Г» (Газизова Ж.С.), 8 «А» (Кусаинова М.О.), 8 «В» (Тайлакова Л.Х.),



11.11.2020ж. күні Боранбаева М.А. 7 «Ж» сынып оқушыларымен ZOOM желісі арқылы «Не? Қайда? Қашан?» тақырыбына зияткерлік ойынын өткізді.



11.11.- 12.11.2020ж. Әнуарбек Ж.А. 1-4 сынып оқушыларының арасында «Легоқұрастыру» фото-батл ұйымдастырды. Жіберілген жұмыстардың нәтижесін шығарып, оқушыларды мақтау қағаздарымен марапаттады. 2 «А» (Хусаинова Ш.К.), 2 «В» (Жахина З.М.), 2 «Б» (Естаулетова Р.К.), 2 «Е» (Ибраева А.Н.), 3 «В» (Алдабергенова Н.Б.), 3 «Е» (Шамиганова К.М.), 4 «В» (Алиаскарова Ж.А.), 4 «Б» (Әнуарбек Ж.А.), 4 «Е» (Нуртазинова Б.Т.), 1 «В» (Жусупова М.С.), 1 «Г» (Жаканова А.М.), 3 «А» (Муханбетжанова А.Ж.), 6 «Г» (Тоғубаева А.К.), 4 «А» (Шамиганова Р.М.)



13.11.2020ж. күні сынып жетекшілер 9-11 сынып оқушыларымен ZOOM желісі арқылы мұражайларға онлайн экскурсия жасады. Қатысқан сыныптар: 9 «Д» (Таттыгожина А.К.), 9 «В» (Оспанова Г.К.)



Сонымен қатар мектеп оқушылары қалалық Білім бөлімінің жоспарына сәйкес «Отбасымен бірге оқимыз» челенджіне белсенді қатысты. Қатысқан сыныптар: 1 «В» (Жусупова М.С.), 7 «Ж» (Боранбаева М.А.), 4 «К» (Казымбетова К.М.), 9 «Б» (Кожаметова Г.К.), 6 «Д» (Суллямова Л.С.), 4 «Г» (Сафурина Г.А.), 2 «Б» (Естаулетова Р.К.), 1 «Б» (Хамзина С.А.), 1 «Г» (Жаканова А.М.), 6 «Б» (Карамандинова А.М.), 7 «А» (Бекен Ж.А.), 2 «Е» (Ибраева А.Н.), 4 «Б» (Әнуарбек Ж.А.), 9 «Г» (Хасенова Л.Т.), 1 «А» (Абишева Б.С.), 7 «А» (Бекен Ж.А.), 5 «Г» (Малдыбекова Г.М.)



Күзгі демалыс кезінде жоспарланған іс шаралардың барлығы өтті.